

Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2025 жылғы 17 сәуірдегі № 27/169 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 22 сәуірде № 192-20 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Жаңаарқа аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
3. Осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес Жаңаарқа аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

Ю. Беккожин

Жаңаарқа аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 17
сәуірдегі
№ 27/169
шешіміне 1-қосымша

Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.
2. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Жаңаарқа аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 17
сәуірдегі
№ 27/169
шешіміне 2-қосымша

Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі

№	Атауы
1	Женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
2	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері
3	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
4	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырган отбасылар
5	Денсаулық сактау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар
6	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығының қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне үзартылады
8	Қандастар
9	Экологиялық зілзаларап, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар
10	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар
11	Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары
12	Толық емес отбасылар
13	Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар)
	Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы

20 мамырдағы № 161 бұйрығымен бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есепке алумен, деңсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы және өзге де салаларындағы бюджеттік ұйымдарының қажетті мамандары

Жанаарқа аудандық

мәслихатының

2025 жылғы 17

сәуірдегі

№ 27/169

шешіміне 3-қосымша

Жанаарқа аудандық мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. Жанаарқа аудандық мәслихатының "Жанаарқа ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін бекіту туралы" 2021 жылғы 18 ақпандағы №2/16 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6211 болып тіркелген).

2. Жанаарқа аудандық мәслихатының "Жанаарқа ауданы мәслихатының 2021 жылғы 18 ақпандағы №2/16 "Жанаарқа ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2022 жылғы 4 мамырдағы №23/163 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №27981 болып тіркелген).

3. Жанаарқа аудандық мәслихатының "Жанаарқа аудандық мәслихатының 2021 жылғы 18 ақпандағы №2/16 "Жанаарқа ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 15 тамыздағы №5/24 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №45-20 болып тіркелген).